



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЭТНОТІЛДІК БАҒЫТТАР

Досымова. Г•
Қозыбақова. Ф**

Түйіндеме

Бұл мақала Оңтүстік Қазақстанның мәдени саласындағы этнотілдік бағыттарын көрсетеді. Әсіресе, Түркістан ауданы, Жамбыл облысы Меркі ауданында тұратын ұлттардың кітап және газет-журнал оқу барысында қолданатын тілдері этносоциологиялық зерттеулер негізінде анықталған.

Тірек сөздер: этнография, этнос, этномәдениет

Ethno-directional directions in the culture of Southern Kazakhstan

Resume

This article considers the ethno-linguistic aspects of the culture in the South Kazakhstan. Especially, the languages of the people who live in Turkistan district, Zhambyl region, Merke district, which they use while reading books and newspapers are defined on the basis of ethno-sociological researches.

Keywords: ethnography, ethnos, ethno culture

Kіріспе

Қазақстан тәуелсіздігін алғалы бері қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің оянуы мен ұлтының рухани құндылықтарын тануға деген қызығушылығы арта түскенін аңғаруға болады. Өкінішке орай, Кеңес өкіметі үстемдік еткен жылдары ұлттық рухани сана-сезімге жол берілмеді. Ұлтымыздың рухани сұраныстарын қанағаттырандыру ісі барынша ортақтастырылып, мәдениет пен тұрмыс саласы бір сарынға салынды. Әрбір ұлттың өзіндік сан алуан дәстүрлік ерекшеліктері ескерілмеді.

Кеңестік дәуірде қатты бұрмалауға ұшыраған тарих, әдебиет пен өнер қазіргі таңда қайта жандануда. Мәселен, елімізде тұрып жатқан халықтардың және әлемдегі өзге халықтардың рухани қазынасын анықтауға көркем әдебиет үлкен үлес қосады. Осы орайда көркем әдебиеттің алатын орны орасан зор. Өйткені шығарманың мазмұны, оның эмоционалдық әсері, оқиғаның тереңдігі мен өрісі, адамның мәдени құндылықтарымен тығыз қарым – қатынас жасауына итермелейді.

Көркем әдебиеттің ең басты қызметі – ол адамдардың рухани сұранысын қанағаттандыра отырып, олардың ой-өрісін кеңейту және оларға эстетикалық тәрбие беру. Демек, көркем әдебиет адамдарға туған халқының тарихы мен мәдениетін тануда

* Әл-фараби атындағы ҚҰУ, Тарих, археология және этнология факультетінің магистранты

** Әл-фараби атындағы ҚҰУ, т.ғ.к, проф.

қаншалықты жәрдем көрсетсе, өзге ұлттар мен ұлыстардың да озық мәдениетімен терең әрі түпкілікті танысуға мүмкіндік береді. Өкінішке орай, қазіргі таңда Кеңес дәуірімен салыстырғанда, Қазақстанда сапалы кітап шығару мекемелері аз. Мәселен, КСРО-ның кезінде тек Қазақстан баспаларының жалпы саны 8 болатын, яғни жылына таралымы 35-40 млн. дананы құраған 2 мыңнан астам кітап шығарған болса, ал 1994 жылы республикада мемлекеттік 15 кітап баспасы тек кітаптың 500 атауын шығарады, ал олардың таралымы өткен кезеңмен салыстырғанда бірнеше есе кеміген (Сегізбаев,2009: 16-17).

Қазіргі таңда, елімізде отандық кітап шығарушы баспалардың үлес салмағы айтарлықтай кеміп кетті. Қазақстанда кітап саудасының 96-98% шетел кітаптарын құрайды. Осы мәселені қазақтың ақыны, тіл жанашыры Мұхтар Шаханов былай дейді: «Еліміздің жүрек қаласы болып табылатын және халқының 60% жыуғы қазақ ұлтының өкілдері болғаны мен мемлекеттік тілдегі басылымдар бейшара халде. Оған не себеп? Кеше күн ұзақ бойы көмекшім Фазылбек Абсаттарұлы екеуіміз Астана қаласындағы 15-ке жуық дүкендер мен дүңгіршектерді араладық. Атап айтқанда, «Жастар», атышулы «Әлем», «Сұңқар» сауда үйлерінде, т.б. дүңгіршектерді шолып шықтық. Барлығында да Ресейден келген сан түрлі басылымдар сіресіп тұр. Өзіміз ерінбей аралаған 15 сауда үйі мен дүңгіршектерде бірде-бір қазақ басылымын кездестіре алмай, жағамызды ұстадық. «Япырмай, біз Қазақстанда ма, әлде Ресей Федерациясында жүрміз бе?» – деген сұрақ алдымызды кес-кестеді» (Шаханов,2007: 2-3). Алайда, халқымыз қазіргі таңда өз басынан осындай халді кешу үстінде.

Біз зерттеп отырған, Жамбыл облысы Меркі ауданында жүргізілген этносоциологиялық мәліметтер негізінде «Кітап оқу барысында қай тілді қолданасыз?»– деген сауалнамаға, қазақтар ұлттық тілде – 46,9%, орыс тілінде – 5,3% оқитыны дәлелденді (1-кестені қараңыз).

1-кесте

Жамбыл облысы Меркі ауданы тұрғындарының кітап оқу барысында қолданатын тілдері

Ұлттар	кітап оқу барысында қолданылатын тілі, %					
	жауап берушілер	ұлттық тілде	ұлттық тілде және орыс тілінде	орысша	қазақша	басқа тілдерде
Қазақтар	318	46,9	48,1	5,3	0,0	0,0
Орыстар	343	45,5	1,7	52,8	0,0	0,0
Түріктер	250	3,2	32	59,2	6,8	0,0

Нақтырақ айтар болсақ, қай ұлт болса да кітап оқу, сөйлеу тілі өзінің жұмыс істейтін қызметіне, жасына, ортасына, яғни этномәдениетіне байланысты болады (2-кестені қараңыз).

2-кесте

Жамбыл облысы Меркі ауданы қазақтарының кітап оқу барысында қолданатын тілі

Әлеуметтік-кәсіптік топтар	кітап оқу барысында қолданылатын тілі, %					
	жауап берушілер	ұлттық тілде	ұлттық тілде және орыс тілінде	орысша	қазақша	басқа тілдерде

Жоғары және орта буындағы басшылар мен мамандар	14	14,3	71,4	14,3	0,0	0,0
Қызметкерлер	119	37,8	52,1	10,9	0,0	0,0
Солардың ішіндегі зиялылар	80	35	53,8	12,5	0,0	0,0
Маманданған жұмысшылар	70	44,3	54,3	1,4	0,0	0,0
Маманданбаған жұмысшылар	115	61,7	37,4	0,9	0,0	0,0
Жастары						
18-19	14	21,4	35,7	42,9	0,0	0,0
20-24	37	13,5	78,4	8,1	0,0	0,0
25-29	36	22,2	69,4	8,3	0,0	0,0
30-39	90	45,6	54,4	1,1	0,0	0,0
40-49	70	60	37,1	2,9	0,0	0,0
50-59	35	60	34,3	5,7	0,0	0,0
60 +	36	80,6	19,4	0,0	0,0	0,0
Барлығы	318	46,9	48,1	5,3	0,0	0,0

Көріп отырғанымыздай, бүгінгі таңда қазақ ұлттарының арасында қазақ тілінде кітап оқитындар азайып барады.

Түркістан, Меркі аудандары мен ауылдық жерінде жүргізілген этносоциологиялық зерттеулер Оңтүстік Қазақстан аймағындағы тұрғындардың көркем әдебиет шығармаларын оқудағы әуестігінің қаншалықты деңгейде екенін анықтауға мүмкіндік береді. Түркістан ауданының ауылдық жерлерінде сұрау салынған қазақ тұрғындарының 27,0% -кітапты тұрақты оқыса, 49,1% сирек оқиды және 23,9% мүлде оқымайды екен. Ал Меркі ауданында тұратын қазақтардың 45,4% көркем әдебиет шығармаларын тұрақты және 40,1% -көркем әдебиет шығармаларын сирек оқитын оқырмандарына жататыны белгілі болды, ал олардың 14,8% кітапты мүлде оқымайтыны анықталды. Меркі ауданындағы орыстар арасында бұл көрсеткіш 26,7% көркем әдебиет шығармаларын тұрақты және 52,0% көркем әдебиет шығармаларын сирек оқитын оқырмандарына жататыны белгілі болды, ал 21,3% кітапты мүлде оқымайтыны анықталды. Қазақстан аумағының басқа да облыстарында тұратын аудан тұрғындарының да көркем әдебиетке әуестігі осы көрсеткішке тән екені белгілі болды. Мәселен, Алматы, Ақтөбе, Қостанай мен Павлодар облыстарында қазақтардың арасында кітапты тұрақты оқитындардың 40,0-43,5% және сирек оқитындары 46,3-54,9% арлығын қамтыды (Қалышев,1997:64-69). Елімізде тұрып жатқан ұлттардың кітап оқу тілі орыс тілінде басымырақ. Түркістан қаласында және ауданында жүргізілген этносоциологиялық мәлімет 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте

Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының кітап оқу барысында қолданылатын тілдері

Ұлттар	кітап оқу барысында қолданатын тілі, %
--------	--

	жауап берушілер	қазақша	қазақша және өзбекше	өзбекше	қазақша және орысша	орысша	т.б. тілдер	жауап беруге қиналатындар
Түркістан қаласы								
Қазақтар	760	67,5	1,2	1,3	23,9	17,8	0,4	0,5
Өзбектер	400	5,8	20,8	61,2	5,5	28	0,5	2
Орыстар	276	0,4	0,0	0,0	0,7	97,8	0,7	0,7
Түркістан ауданы								
Қазақтар	508	82,9	1,4	1,0	13,2	6,7	0,0	0,4
Өзбектер	651	2,9	26	68,8	2,0	6,1	0,5	2,8

Сондай-ақ, Түркістан ауданында тұратын 20-24 жас аралығында қазақтардың 25,5% кітапты тұрақты оқыса, олардың 49,0% көркем әдебиет шығармаларын сирек оқиды екен, ал кітапты оқымайтындар қатары олардың тек 25,5% ғана құрап отыр. Ал осы ауданда өзбек жастарының кітап оқуға деген белсенділігі 14,3% кітапты тұрақты оқыса, олардың 32,7% көркем әдебиет шығармаларын сирек оқиды екен, ал кітапты мүлдем оқымайтындар қатары 53,1% құрайды. Адам жасы ұлғайған сайын, оның кітап оқуға деген әуестігі соғұрлым төмендей береді екен. Мәселен, 60 және одан да жоғарғы жастағы қазақ ауыл тұрғындарының көркем әдебиет шығармаларына деген әуестігі 7,7% кітапты тұрақты оқыса, 46,2 % көркем әдебиет шығармаларын сирек оқиды екен, ал 46,2% кітапты мүлдем оқымайтындар қатары құрады. Меркі ауданындағы жағдайға келетін болсақ, 20-24 жас арасындағы қазақ жастарының кітаппен тұрақты қарым-қатынас жасайтындары 47,4% құрады, олардың 50,0% кітапты анда-санда оқыса, 2,6% кітапты мүлде оқымайды екен. Орыс жастары арасында бұл көрсеткіш 46,7% - кітапты тұрақты оқыса, олардың 43,3% көркем әдебиет шығармаларын сирек оқиды екен, ал кітапты мүлдем оқымайтындар қатарын 10,0% құраса, түрік жастарының арасында 25,6-44,2-30,2% тең болады.

Жастар арасында әсіресе 18-19 жас аралығында көркем әдебиетке және газет-журнал оқуға деген ынтасы төмен. Клубтарда өтетін би кештері мен түрлі бейнезалдарға жастардың көңілі ауып, көркем әдебиетке деген ынтасы төмен. Ал зейнеткерлік жастағы адамдардың өмірінде кітап оқығанға қарағанда телеканалдардан телебағдарлама қарауы жиілене түседі.

Сондай-ақ, Түркістан қаласы және Жамбыл облысы Меркі ауданындағы тұрғындардың көркем әдебиет шығармаларын оқудан бөлек күнделікті тұрмыста бұқаралық -ақпарат көзінің негізі болып табылатын газет -журнал оқуы барысына көңіл аударайық.

1997-2000 жылдар аралығында мемлекеттік тілдің дәрежесі өсті. Мемлекеттік тілдің өсуіне әсер еткен ғылым мен білім деп жауап берген респонденттер 73,3% құраса, ал 71,7% бұқаралық ақпараттық құралдар (радио, теледидар, газет-журнал) негізінде деп жауап берді (Шаймерденов, 2001:97-100).

Бүгінгі таңда тұрғындардың мерзімді баспасөзге сұранысы артып, оның талғамы өсе бастаған. Күнделікті газет пен журнал оқу олардың өмір сүру салтының ажырамас бөлігіне айналып отыр. Этносоциологиялық сұрау нәтижесі, Меркі ауданы тұрғындарының мерзімді баспасөзге байланысты сұранысы Түркістан қаласы тұрғындарына қарағанда біршама жоғары екені көрсетілді.

Газет пен журналдарды күнделікті оқуға дағдыланған оқырмандар арасында меркелік қазақтар басым болса, мүлдем оқымайтын респонденттер арасында Түркістан ауданының өзбектері басым келеді (4-кестеге қараңыз).

4-кесте

Оңтүстік Қазақстан тұрғындарының газет пен журналды оқу деңгейі, %

	Түркістан ауданы		Меркі ауданы		
	қазақтар	өзбектер	қазақтар	орыстар	түріктер
күнделікті	36,6	26,5	77,0	69,6	57,9
сирек	52,0	51,3	18,1	24,5	30,3
мүлдем оқымайды	11,7	22,3	5,2	5,9	11,8

Сондай-ақ, мерзімді баспасөз басылымдарды оқу белсенділігі әртүрлі келеді. Газет пен журналды мүлдем оқымайтындар 60 және одан да жоғары жастағы респонденттер екені анықталды. Мәселен, Түркістан ауданында тұратын қазақтардың 42,3% мен Меркі ауданында тұратын қазақтардың 32,4% мерзімді басылымды мүлдем оқымайды екен. Ал орыстардың- 12,9%, өзбектердің 21,8%, түріктердің 28,0% мерзімді басылымдарды мүлдем оқымайтындар санына қосылды. Баспасөз өкімдерін күнделікті оқитындардың ең жоғарғы белсенділігі 18-50 жас аралығы. Мәселен, 18-19 жас аралығындағы өзбектердің 38,5%, 30-35 жас аралығындағы орыстардың 83,9%, 30-39 жас аралығындағы түріктердің -66,7%, ал 50-59 жас шамасындағы түркістандық қазақтардың 42,9% және 40-49 жас аралығындағы Меркілік қазақтардың 88,6% құрайды. Осы аталған респонденттердің басым бөлігі көркем әдебиетті және газет-журнал оқу барысында орыс тілін қолданады. Бұған себеп, қазіргі таңда басылымдардың көбісі орыс тілінде шығуына байланысты. Мәселен, Қазақстандағы 2787 басылымның 18% яғни 511 ғана мемлекеттік тілде болса, мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істейтін газет-журналдың 25% ғана қазақ тілінде басылады екен (2009:5).

Көріп отырғанымыздай, ұлттық тілге деген жанашырлық өте төмен. Ал, ұлттық тілдің күші ұлттық санада. Туған елін, жерін халқын және оның дәстүрін, мәдениетін шын сүйген адам ғана өз ана тілін құрметтейді. Қазақ ұлтының болашағы ұлттық тілде екенін ұмытпағанымыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер

Сегізбаев К, Ең ұлы міндет, Парасат. – №6. –16-17 бб.
 Шаханов М. Депутаттық мәлімдеме. Ақпараттық диверсияны қалай тоқтатамыз. Тіл мен Діл. – 2007. – №11.– 2-3 бб.
 Қалышев А.Б. Этнокультурные ориентации современного сельского населения Казахстана, Қаз МУ хабаршысы. Тарих сериясы. 1–998. - №4. – С.64-69.
 Шаймерденов Е.Ш. Шаукенова З.К. Ракишева Б.И. Государственный язык в сфере государственного управления (по результатам социологического исследования) Казахстан-Спектр. – 2001. №2 (16). – С. 97-100.
 Заң газеті. – 2009. – 5 ақпан.